Педагогикалык әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3хаттамасы

10.01.2025 жыл

Қатысқындар: 23адам

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық құқықтары.

2. Педагогикалық көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

3. Мектептегі педагогикалык әдепті камтамасыз ету және сақтау.

**Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г.К.Закирова сөз сөйледі.**

ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша тармақтарын атап өтті.

7 бап. Педагогтің кәсіби қызметтегі құқықтары.

Кәсіптік кызметін жүзеге асыру кезінд епедагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;
2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;
4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетт іжағдайлардын жасалуына;
5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік кызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпығ аміндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін

дамытуға және таратуға;
7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оку құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын тандауға;
8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ак окулыктарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге катысуға;
9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны аткаруға;
10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға катысуға;
11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына катысуға;
12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгент әртіппен жеке педагогтік кызметке;
16) кәсіптік кызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
17) өзіне катысты кабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
18) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне кұқығы;
19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
20)Педагогтің осы баптын 1-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыру баска адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

**Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша педагогикалык әдеп кеңесінің мүшесі Ауталив Р. сөз сөйледі:**

Педагог-мектеп пен окушыны байланыстырып тұратын тұлға. Педагог өз білімімен қатар, әдеби құндылығын да көрсете білуі қажет. Сондыктан мұғалім кай орта да болмасын, өзінің әдептілігін, кішіпейілдігін, адами құндылықтарын сақтауы керек. Педагог көпшілік орта да әдеп нормаларын сақтау сын болып табылады. Педагог ретінде өзіне деген мамандығына деген үлкен жауапкершілік болуы қажет.

**Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі Байденова А.Е. сөз сөйледі:**

Әр жас өркеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі сала, ол - білім беру жүйесі. Ал білім беру жүйесіндегі басты тұлға - мұғалім. Ал білім беру терең және жоғары мәдениетті, ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген оқушының өзін-өзі тануға ұмтылуына, ізденуіне жол ашу мұғалім алдындағы үлкен міндет. Заман талабына сай жаңа технологиямен жұмыс жасай отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім берудің алғы шарттарының бірі - оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас әдебі деп айтуға болады.

Оқушыларға білім берудегі мұғалімнің жеке қасиеттерінің маңызы зор, яғни, мұғалімнің педагогтік әдебі. Педагогтік әдеп - әрұстаздың дара қасиеті. Ол мынандай адамдық қасиеттерден тұрады: ұстамдылық, ілтипаттылық, талап қоя білушілік, зейінділік,ептілік.

**Қаулы етілді:**

1. Педагогтардың құқықтарын сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.
3. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Б.К. Ахметова

Хатшы: Нэгдэлхан М.